

**Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес отырысының
хаттамасы №1**

«О.Әлібаев атындағы ЖОББМ» ҚММ

Өткізілген күні: 14.09.2020ж.

Төрайымы: Қ.Қуанышбекова

Хатшы: К.Жантүрсынова

Қатысқандар: 30 мұғалім

Күн тәртібінде:

1. Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережені қарау және бекіту.

Д.Г.Алин

2. Адалдық – адамның ішкі соты.

3. Әділдік – ізгі қасиет.

М.Мусеева

Тыңдалды:

Сөйледі 1.1: мектеп директоры Д.Г.Алин

Педагогикалық этика және Кеңесті құру туралы ережемен таныстырып өтейін. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес білім беру ұйымдарында педагогтердің педагогикалық әдепті сақтауы мәселелерін қарайтын алқалы орган болып табылады.

Кеңес өз қызметін «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңдарына, осы Қағидаларға, өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырады және объективтілік пен әділдік, әдептілік, қоғамдық пікір мен жариялылықты есепке алу қағидаларын басшылыққа алады. Кеңестің негізгі міндеттері: білім беру ұйымдарында педагогикалық әдепті сақтауды қамтамасыз ету; педагогикалық әдепті бұзуға ықпал еткен себептер мен жағдайларды талдау; педагогтердің тәртіптік жауапкершілігі туралы мәселені дұрыс қарау үшін қажетті және жеткілікті мән-жайларды жан-жақты, толық және объективті зерттеу болып табылады. Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңестің ұсынымдарын орындау бойынша тиісті шаралар қабылдамаған лауазымды тұлғалардың жауапкершілігін қарау туралы ұсыныстармен құзыретті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды тұлғаларға, білім беру ұйымының құрылтайшыларына жүгінуге құқылы. Кеңес отырысы: егер оған Кеңес мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп саналады, қажеттілігіне қарай, бірақ токанына кемінде бір рет өткізіледі. Кеңес мүшелері оның отырыстарына ауыстыру құқығынсыз қатысады. Сонымен қатар кеңестің міндетіне педагогтардың тәртіптік істерін қарау кіреді. Тәртіптік істерді қарау қортындысы бойынша Кеңес келесі шешімдердің бірін шығара алады: білім беру ұйымының басшысына педагогке тиісті тәртіптік жаза қолдануды немесе қолданбауды ұсыну; тәртіптік істі тоқтату.

Сөйледі 2.1: М.Мусеева-кеңес мүшесі

Адалдық – адам бойындағы таза ниет, бағалы қасиет, адамның сана-сезімі мен ар-ұжданына қайшы келмейтін әрекет. Қазақ пайымында адам бойында адалдық пәктік, ар-ұждан, жан тазалығы тәрізді қасиеттердің қалыптасқан нормаға сай болуы керек. Көшпелі қазақтардың адамгершілік, адалдық қасиеттері тұрғысынан кіршіксіз таза, мәрт болағандығы туралы шетелдік саяхатшылардың қолжазбаларымен күнделіктерінде көп айтылды. Қазақтың адалдық жайында өзіндік пайым-түсінігі туралы Ұлы Абай «Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан, қолы өнерлі қазақтың әулиесі сол» дейді. Адамгершілік ұжымдық ортада бойына сіңірген тәрбиесіне, біліміне, адал еңбектенуіне байланысты қалыптасып, адамның жеке басы мен моральдық тұлғасын сипаттайды. Қандай қоғам, қандай мемлекет болмасын өз азаматтарынан адалдықты талап етеді. Өйткені, өз істеріне жауапкершілікпен қарап, өзіне жүктелген міндеттерді абыроймен атқаруы үшін адамның бойында адалдық қасиет болуы тиіс. Адалдық жоқ жерде ешқандай биік мақсаттар мен кемел заңдар өз орындаушыларын тапағандықтан тек қағаз жүзінде ғана қалатын болады. Сондықтан қоғамда, мемлекетте өз азаматтарының адал еңбектеріне мұқтаж. Бірақ, көп жағдайда қоғам да мемлекетте өз азаматтарының бойында адалдық сезімін қалай қалыптастырып, оны қалай жоғарғы деңгейде ұстап тұрудың жолдарын біле бермейді. Тіпті білген жағдайда да оны мемлекеттік деңгейде басшылыққа алудан бас тартады. Қандай қоғамның болмасын қалыпты тыныс-тіршілігі үшін заң қажет және сол

заңдарды орындау азаматтардың міндеті. Ал, шынайы адалдық жоқ жерде ешқандай да заңның қалыпты жұмыс істеуі мүмкін емес. Сондықтан қандай мемлекет болмасын өз азаматтарының бойында адалдық қасиетін дамытуға мүдделі. Тек адал жандар ғана заңды берік ұстанып мемлекетті шынайы тәртіппен қамтамасыз ететін болады. Адалдық адам жан дүниесінде орныны өте зор. Халықта «Ағаш түзу өсу үшін оған қошет кезінде көмектесуге болады, ол үлкен бойжеткен уақытта көмектесе алмайсың» Сондықтан да халқымыз ерте кезден ақ балаларының бойына адамгершілік құнды қасиеттерді сіңірткен. Және де адалдықпен бірге арамдықта бірге жүреді. Сондықтан да арамдықтың жолымен жүрмей, әр ісімізге әр сөзімізге адал болайық. Себебі адалдық – ардың ісі.

Сөйледі 3.1: М. Мусеева-кеңес мүшесі

Әділдік — ізгіліктің ірге тасы. “Кімде-кімнің әділдігі жоқ болса, оның ұяты да жоқ” (Абай). Әділдік уақыт ағынында өзгеріп отырады. Оның алғашқы түріне көне қоғамдағы “жазалаушы әділеттілік” деген жатады. “Қанға қан, жанға жан”, талион, кек алу принциптері ілкі санада әділдік саналды. Қылмыс пен жаза, әрекет пен айыптау мәселелері әділдіктің осы түсінігімен түбірлес. Қоғамдағы меншіктік қатынастардың қалыптасуына байланысты жазалаушы әділдіктің орнына оны тепе-теңдік тұрғыдан түсіну алдыңғы қатарға шықты. Қоғамдық байлықты барлығына бірдей үлестіру идеясы әділдік талабына айналды. Бұл ұран желеуімен талай қантөгістер, революциялар, бүліктер жүріп жатты. Әлеуметтік әділетті орнатамыз деген желеумен бір ғасырға жуық коммунистер өз халықтарына бақытсыздық әкелді. Социализм қоғамы “байлық — бұл әділетсіздік, ол кісіні аздырады, адам неғұрлым кедей болса, оның руханилығы жоғарылай түседі” деген жаңсақ пікірді құлаққа құйып келді. Шын мәнісінде, қабілеті мен білігі тең емес адамдарға мүлікті бірдей үлестіріп беру әділетсіздіктің айқын көрінісіне жатады. Мұндай түсінік әлеуметтік енжарлыққа әкеп соғады. Алайда, әлеуметтік теңдік — өркениетті қоғам құрудың басты шарты. Адамдар құдай алдында, әдеп, құқық, заң алдында тең және бірдей мүмкіндікке ие. Нарықтық қоғамда “мүмкіндіктер теңдігі мен әділеттілігі” деген өмірлік принцип кең етек жайған. Қоғамдық қатынастар әрбір адамның өзіндік мақсатына жету мүмкіндіктерін шектемеуі керек. Әділдіктің басты өлшемі — адам құқықтары теңдігінің жүзеге асуы. “Нәтижелер теңдігі” қоғамдық байлықты өмірде табысқа жете алмаған адамдардың пайдасына қайта бөлуге әкеледі. Бұл экономиканың даму ынталылығын азайтады. Мысалы, дәрігер мен санитардың, профессор мен ассистенттің еңбегін тең бағалау әділетсіздікке жатады. Алайда қоғам мүліктік теңсіздікті тым шарықтатып жібермеуге тырысуы қажет. Қоғам үшін пауперлер мен люмпендердің, кедей адамдардың қатары көбеюі қымбатқа түседі. Ол қоғамдық ынтымақтастық пен тұрақтылыққа кері әсерін тигізеді. Еліміз егемендік алғаннан кейін адамды ең жоғары құндылық ретінде бағалау қалыптаса бастады. Адамның бар құндылығы — оның өмірі. Ол адамның мінезі мен темпераменті, мүддесі, көзқарасы, әдеті, тілегі, мәдениеті, тәрбиелік деңгейі, бір-бірімен өзара қарым-қатынасы, кішіпейілдігі, әдептілігі, жеке басының тазалығы, әсемдігі, сөйлеу мәдениеті.


Сөз алғандар: А. Құтжанова

Педагогикалық әдеп бойынша жұмыстар, кеңестің жұмыс жасауы мектеп ұжымына оң әсерін тигізеді. Әр мұғалім этика нормаларын сақтайды және қалыптасады, бір – бірін тәрбиелейді.

Қаулы етілді:

1. Мектеп жанындағы педагогикалық әдеп кеңесінің ережесі бекітілсін.
2. Мұғалімдердің бойында адалдық қасиетін қалыптастыру мақсатында түрлі шаралар ұйымдастырылсын.
3. Әділдік қасиетін әр мұғалімнің бойында қалыптастыру мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілсін.

Төрайымы:
Хатшы:



Қ. Куанышбекова
К. Жантұрсынова